

«Пенжім ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылдың 1-жартыжылдығына мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы есебі

1. Жалпы ережелер.

1. «Пенжім ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – округ әкімінің аппараты) көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» туралы Заң, қолданыстағы заңнамалар және Ережесі негізінде жұмыс атқарады.

Қызметті беруші туралы мәлімет: «Пенжім ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, почталық мекен-жайы: 041322, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Пенжім ауылы, Мухамади көшесі 12. байланыс тел. номері: 8(72831)47-7-94

2. 2018 жылдың 1-жартыжылдығына көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат

Округ әкімінің аппараты жалпы 8 түрлі қызмет көрсетеді. Көрсетілген қызметтер саны барлығы – 171 оның ішінде:

- «Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдау», саны - 0. Қызметтің бұл түрі мемлекеттік орган арқылы көрсетілді.

- «Жеке қосалқы шаруашылықтың бар болуы туралы анықтама беру», саны - 50. Қызметтің бұл түрі мемлекеттік орган арқылы көрсетілді;

- «Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру», саны – 0. Бұл қызмет түрі тек Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілді.

Аудандық бөлімдермен бірігіп көрсететін қызметтер:

- «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою», саны -0;

- «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру», саны - 0;

- «Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», саны - 0. Бұл қызмет түрі мемлекеттік орган арқылы көрсетілді;

- «Мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сатып алу», саны - 0. Бұл қызмет түрі мемлекеттік орган арқылы көрсетілді;

- «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» саны - 121. Бұл қызмет түрі мемлекеттік орган арқылы көрсетілді.

3. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттарға қол жеткізу көздері мен орындары: «Пенжім ауылдық округі әкімі аппараты» ММ ғимаратында көрнекті ақпарат құралдары – стандарттар мен регламенттердің мәтіні ілінген стендтер орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтарға түсіндіру жұмыстары

жүргізілуде. II-жартыжылдықта округ бойынша 39 адамға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

2018 жылдың 1-жартыжылдығында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Ескертпе: есеп «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын жетілдіру мақсатында ұсынылды.

**Пенжім ауылдық округінің
әкімі**



Е.Сқақов